

АСТАНА ҚАЛАСЫ  
ӘКІМДІГІНІҢ

«43 қосымша білім беру  
мектеп-орталығы» ШЖҚ МҚК



АКИМАТ  
ГОРОДА АСТАНА

ГКП на ПХВ «Школа-центр  
дополнительного образования № 43»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

02.09.2024 т. № 136-Н/К

№ \_\_\_\_\_

**2024 – 2025 оқу жылындағы  
«Нұрлы» елді мекенінде  
тұратын балаларды тегін  
тасымалдауды ұйымдастыру туралы**

«Орта білім беру ұйымдарында 2024 – 2025 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай – ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы» Астана қаласы Білім басқармасының 2024 жылғы 2 тамыздағы №1453 бұйрығы негізінде «Астана қаласының Білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 29 тамызындағы №1654 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектепке дейін және қайта апару тасымалының тұрақты аялдамасы белгіленіп, апару, әкелу кестесі сабақ кестесіне сай жасалынсын;

2. Оқушылардың өмірі мен қауіпсіздігін, тасымалдау кезіндегі көлікпен мектепке дейін және қайта апару қозғалысын ұйымдастыруға мектептің әлеуметтік педагогы Г.Х. Турлыбекова тағайындалсын.

3. Мектепке дейін және қайта апару тасымалының тұрақты аялдамасына оқушылардың жиналу уақыты ата – аналар мен оқушыларға толық жеткізілсін және тасымалдаушы тараппен түсіндіру жұмыстары жүргізілсін (жаднама)

4. Оқушылардың тасымалдану кезіндегі денсаулығы мен өмір қауіпсіздігіне, уақытылы бөлінген көлікпен оқу жылы аяқталғанға дейін қамтамасыз етілсін. Оқушылардың уақтылы автобуска отырғызуын қадағалау сынып жетекшілеріне жүктелсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры

*Н.Ж*

Н.Жагабаев